

Тайынша қаласы бойынша жылу энергиясын тұтыну нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі N 149 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 5 мамырда N 13-11-147 тіркелді

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 20.08.2014 N 462 қаулысымен.

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына, «Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі № 400 қаулысына, Қазақстан Республикасының энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы № 10 бұйрығымен бекітілген жылу энергиясын пайдалану Ережелерінің 67 тармағына және жылу энергиясын тұтыну нормаларын анықтау үшін ұсынылған есептеулерге сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша қаласының тұрғын үйлердің тұтынуы үшін бір шаршы метрге шаққандағы жылу энергиясын тұтыну нормасы бекітілсін:

1) «Тайынша» шаруашылығын жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша жылына 0,3050 гекокалорий мөлшерінде;

2) «Тайынша Жылу» шаруашылығын жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша жылына 0,193 гекокалорий мөлшерінде.

2. «2007-2008 жылдардағы жағып жылыту кезеңіне тұрғын үй ғимараты жалпы алаңының бір шаршы метрге шаққандағы жылу энергиясының жұмсалу нормасын бекіту туралы» аудан әкімдігінің 2008 жылғы 8 ақпандағы № 33 қаулысы жойылсын (Мемлекеттік тіркелім тізілімінде 2008 жылғы 4 наурызда № 13-11-95 тіркелді, 2008 жылғы 30 мамырдағы «Тайыншинские вести», 2008 жылғы 30 мамырдағы «Тайынша таңы» газеттерінде жарияланған).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

